

2021-2022 оқу жылының директормен бекітілген қағаз сабақ кестесінде I жартыжылдық 1 тоқсанында 1 сыныпта «Әліппе» 4 сағат көрсетілген, 2 сағат жетпейді; математика 3 сағат көрсетілген 1 сағат жетпейді; дене шынықтыру 2 сағат көрсетілген, 1 сағат жетпейді; Kundelik.kz электронды журналында да сабақ кестесінде сағат саны жеткіліксіз. Директор қолымен бекітілген сабақ кестесінде, Kundelik.kz электронды журналында да сабақ кестесінде музыка, көркем еңбек пәндері көрсетілмеген.

2021-2022 оқу жылының I жартыжылдықтағы 1 тоқсанындағы 1 сыныптатың сабақ кестесінде кеткен қателіктердің орыныны толықтырылып, 2021-2022 оқу жылындағы жұмыс оқу жоспары мен сәйкес жасалып «Әліппе» 6 сағат, математика 4 сағат, дене шынықтыру пәні 3 сағат және музыка мен көркем еңбек пәндері енгізіліп директормен бекітілген сабақ кестесі мен Kundelik.kz электронды журналға да түзетіліп қойылды. Бағдарламаның толық орындалуын бақылауға алу директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасарына тапсырылып, жіберілген олқылықтар үшін ескерту берілді. Сабақ кестесі мен Kundelik.kz электронды журналының түзетілген сабақ кестесінің нұсқасы сканерлеп сайтқа салынды.